КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 20 мамыр Іс № 7119-26-00-2/4684 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья Ж.Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақ ұлттық хореография академиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «АЛЬ- ФАРАБИ» атынан Нурали Махаматкулович Алибеков

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-1 - 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақ ұлттық хореография академиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «АЛЬ-ФАРАБИ» атынан Нурали Махаматкулович Алибековті мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы т талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «АЛЬ-ФАРАБИ» атынан Нурали Махаматкулович Алибековті мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Сот өндірісі
Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 20.05.2026
Заңды күшіне енген күні: 29.06.2026, судья Баймурзина А. А., 29.06.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер жеке кәсіпкер «АЛЬ-ФАРАБИ» атынан Нурали Махаматкулович Алибековтен мемлекет кірісіне 2 163 (екі мың жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж.Нұрғалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 20.05.2026

Заңды күшіне енген күні: 29.06.2026, судья Баймурзина А. А., 29.06.2026